

**№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы
күн тәртібі**

Күні: 27.03. 2024ж.

Тақырыбы *«Балабақшадағы іс-әрекет процесі»*

Қатысушылар :

Балабақша меңгерушісі : *Ирзабекова Д*

Тәрбиешілер саны : 4адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Мақсаты: *педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.*

№ 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Балабақша меңгерушісі: Ирзабекова Д

2. Баяндама: «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту»

Тәрбиеші: Таменова А

3. Тренинг. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру.

Әдіскер: Ирзабекова Д.

4. «Менің педагогикалық жаңалығым»

Музыка жетекшісі: Ислам Бауыржан

5. «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты.

Тәрбиеші: Сайтғалиева Н.

2023-2024 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі *Ирзабекова Д* сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Педагогтар арасындағы әріптестің қарым-қатынас бойынша ескертпелер туралы айтылды. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында А.Таменова баяндама оқуы тиіс еді, дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Д.О.Ирзабекова «Бақытты отбасы» тренинг өткізді. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. Жас ата-аналарға нұсқау берудегі тәрбиешілердің ұстануы тиіс бірнеше ережелермен таныстырды. «Бақытты болудың» және «Бақытты отбасы» құрудың критерийлері талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша «Менің педагогикалық жаңалығым» тақырыбындағы шеберлік сағаты да дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.


Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Н.Сайтғалиева «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағатын өткізді. Кіші және ортаңғы топ балаларына арналған ойын түрлерімен таныстырды, жылжымалы түрде жасалынған ойын түрлерін таныстырды. Әріптестері сұрақтарын қойып, шеберлік сағаты өте жақсы көрстілді.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Д.О.Ирзабекова топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. Балабақша меңгерушісі Ирзабекова Д ішкі тәртіп пен 2023-2024 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, педагогтар арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуға тапсырды. Бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№4 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тапсырылмаған тапсырмалар мен циклограмма жазылмағаны үшін әдіскерден түсінік хат басшыға түскен жағдайда еңбек ақысынан шегерілсін.
2. Семинар 25 сәуірге белгіленсін, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге дайындалсын.
3. Топтар мен залдар безендірілсін, дамытушы орталықтар толықтырылсын.
4. Семинар жоғары деңгейде өткізілсін.
5. Әріптестер арасында өзара тілтабысулық, бірлік болсын. Ұжым тәртібіне бағынышты болсын, Келесі келеңсіз жағдайда балабақша тәртіп ережесін бұзса басшы тарапынан ескерту жазылсын.
6. Күн режимі бақылауға алынсын.

Төрайымы
Хатшы



Д.Ирзабекова
Н.Ирзабекова